

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 3 шілде N 1009. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 264 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 14, 143-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақтағы "Республикалық тестілеу орталығы" деген сөздер "Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақтың екінші абзацы "тестілеуді" деген сөздің алдынан "кешенді" деген сөзбен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулының 1-қосымшасына:

Студенттерді қабылдаудың жаңа моделіне көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссияның құрамына:

Алшанов Рахман Алшанұлы - Білім мекемелері қауымдастығының президенті;

Сүлеев Досым Қасымұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Әкімшілік департаментінің директоры;

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Бексұлтан Сәрсекұлы Сәрсеков шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК